

Павлодар филиалының мемлекеттік тілді оқыту курсы оқытушысын конкурстық іріктеуден өткізу туралы хабарландыру

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Павлодар филиалы 2022 жылға мемлекеттік тілді оқыту курсы оқытушысын конкурстық іріктеуден өткізу туралы хабарлайды.

Конкурстық іріктеуге қатысу үшін қажетті құжаттар 2021 жылғы 20 желтоқсаннан бастап 2021 жылғы 24 желтоқсан (қоса алғанда) аралығында мына мекенжай бойынша: S03B4H4, Павлодар қаласы, Академик Сәтбаев көшесі, 44-үй, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Павлодар филиалы, 314-кабинет, конкурсқа қатысушының кері мекенжайы көрсетілген (өзі тапсырған немесе пошта арқылы жіберген кезде) конвертте немесе электрондық түрде Ainash.Kulanbayeva@nationalbank.kz электрондық поштасы арқылы қабылданады.

Конкурстық іріктеуге қатысушыларға қойылатын талаптар:

- «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті» не көрсетілген мамандықтарға ұқсас мамандық бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) филологиялық білімі;
- қазақ тілін оқыту тәжірибесі кем дегенде 5 (бес) жыл;
- ғылыми дәрежесі және (немесе) ғылыми атағы (күптарлық).

Қатысушыларды бағалау кезінде:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңды, Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасының барлық деңгейдегі «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттері» ұлттық стандарттарын, Қазтест қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесін білуі;
- тілдерді оқытудың заманауи инновациялық әдістері мен технологияларын меңгеруі ескеріледі.

Конкурстық іріктеуге қатысу үшін «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Павлодар филиалының мемлекеттік тілді оқыту курсы оқытушысын іріктеу жөніндегі конкурстық комиссиясына мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

- конкурстық іріктеуге қатысушының түйіндемесі;
- жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;
- қазақ тілін оқыту тәжірибесінің кем дегенде 5 (бес) жылын растайтын құжаттардың көшірмелері;
- жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі туралы дипломдардың көшірмелері;
- кәсіби деңгейін растайтын өзге де құжаттардың көшірмелері (ұсынымдар, мінездемелер, сертификаттар, ғылыми дәрежесі және (немесе) атақтарының, наградасының, санатының, ғылыми жарияланымдарының болуы туралы құжаттар) (бар болса).

Құжаттар топтамасының толық ұсынылмауы конкурстық комиссияның оларды қараудан бас тартуына негіз болады.

Ұсынылған құжаттарды қарау қорытындылары бойынша конкурстық комиссия құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде конкурстық іріктеуге қатысушылардың құжаттарының белгіленген талаптарға сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы шешім қабылдайды.

Конкурстық комиссия шешім қабылдағаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде:

- кандидаттарды әңгімелесу өткізу күні және орны туралы;
- әңгімелесуге рұқсат беруден бас тарту алған конкурстық іріктеуге қатысушыларды конкурстық комиссияның шешімі туралы хабардар етеді.

Конкурс жеңімпазы конкурстық іріктеудің қорытындысы туралы конкурстық комиссияның шешімі жарияланған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге:

- жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі туралы дипломның нотариат куәландырған көшірмесін;
- еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариат куәландырған немесе жұмыс орны бойынша кадр қызметі растаған көшірмесін ұсынады.

Конкурс жеңімпазымен мемлекеттік тілді оқыту курстарын өткізу бойынша қызмет көрсету туралы шарт жасалады.

Ақы төлеу мөлшері, талаптары және тәртібі, сондай-ақ Қызмет көрсету мерзімдері қоса берілген мемлекеттік тіл курсы өткізу бойынша қызмет көрсету шартының жобасында көрсетілген.

Байланыс деректері: S03B4H4, Павлодар қ., Академик Сәтбаев к., 44-үй, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Павлодар филиалы, 314-кабинет, тел. 8(7182) 70-44-35, 87773345528, жетекші маман – аудармашы (қаз.) Айнаш Касановна Куланбаева, Ainash.Kulanbayeva@nationalbank.kz

20__ жылғы «__» _____
(ҚРҰБ -да қол қою/ тіркеу күні)

№ _____ ҰБ/ _____ ШАРТ
(ҚРҰБ қол қою/ тіркеу күні)

Павлодар қаласы

20__ жылғы «__» _____
(Жеткізушінің қол қою/тіркелу күні)

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» республикалық мемлекеттік мекемесі, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» республикалық мемлекеттік мекемесінің Павлодар филиалы туралы ереже мен 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №17 сенімхат негізінде іс-әрекет жасайтын «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» республикалық мемлекеттік мекемесі Павлодар филиалының директоры Баян Толегеновна Мергенбаева арқылы бір жағынан, және азамат _____, қазақ тілінің оқытушысы, 20__ жылғы «__» _____ берген жеке басы куәлігінің № _____, бұдан әрі - Жеткізуші деп аталады, екінші жағынан, бұдан әрі бірге - Тараптар деп аталып, 20__ жылғы «__» _____ конкурстық іріктеу қорытындысы негізінде мына төмендегілер жайында мемлекеттік тілді оқыту курсы өткізу бойынша қызмет көрсету туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші тапсырады және ақысын төлейді, ал Жеткізуші жалпы көлемі 120 академиялық сағат Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары 2018 жылғы 24 қаңтарда бекіткен Қазақ тілін Ұлттық Банк қызметкерлеріне деңгейлеп оқыту бағдарламасы бойынша (бұдан әрі – Бағдарлама), сондай-ақ Шартта көзделген талаптар мен мерзімдерде Тапсырыс берушінің қызметкерлеріне мемлекеттік тілді оқыту қызметін (бұдан әрі – Қызмет) көрсету міндеттемесін қабылдайды.

1.2. Жеткізуші Қызметті Павлодар қаласы, Академик Сәтбаев көшесі, 44 мекенжайы бойынша орналасқан Тапсырыс берушінің ғимаратында көрсетеді.

Карантиндік шектеулер ұзартылған жағдайда, Тапсырыс берушінің қызметкерлері мен Жеткізушінің орналасқан жерлері бойынша қашықтан (жеке мобильді құрылғыларын пайдаланып) жүзеге асырылуы мүмкін.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ЖАСАУ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы Жеткізуші көрсететін қызметінің құны есебіне сәйкес анықталған (Шарттың 1-қосымшасы) және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық сомаларын ескере отырып, 600 000 (алты жүз мың) теңгені құрайды және бұдан артпауға тиіс.

2.2. Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мөлшерде ұсталатын жеке табыс салығының сомасын, міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналарын есепке алып, Жеткізушінің нақты орындаған уақытына 1 (бір) академиялық сағатқа 5000 (бес мың) теңге ақы төлейді.

2.3. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Қызмет көрсетілген күнтізбелік ай есептесу кезеңі болып табылады.

2.4. Көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізу актісіне (Шарттың 2-қосымшасы) (бұдан әрі – Акт) Тапсырыс берушінің өкілі мен Жеткізуші қол қойған күннен бастап 10 (он) операциялық күн ішінде ай сайын Тапсырыс беруші ақшаны Жеткізушінің банктік шотына аудару арқылы көрсетілген Қызмет үшін ақы төлеуді жүзеге асырады.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Жеткізуші:

3.1.1. Шартта көзделген мерзімде, Шарттың 1-қосымшасына және Бағдарламаға сәйкес тиісті (жоғары) сапалы, толық көлемде Қызмет көрсетуге;

3.1.2. Өндірістік қажеттілікке байланысты сабақтар жүргізілмеген жағдайда (дәлелді себеппен орындау мүмкіндігі болмаған жағдайда) оларды Тапсырыс берушімен келіскен мерзімде жүргізуге;

3.1.3. Шарттың 3-қосымшасына сәйкес өткен материалдың тақырыбын, күні мен сағат санын көрсетіп, оқу сабақтарын есепке алу журналында өткізілген сабақтарды тіркеуге;

3.1.4. Бақылау жасау үшін оқу сабақтарын есепке алу журналын Тапсырыс берушінің жауапты адамына ай сайын ұсынуға;

3.1.5. Қызмет көрсету кезінде Тапсырыс берушінің қызметкерлеріне мемлекеттік тіл мәселелері бойынша қосымша кеңес беруге;

3.1.6. Шарт бойынша міндеттемелерін орындамау немесе тиісінше орындамауға байланысты шығыстарды өз есебінен тартуға;

3.1.7. Қызмет көрсету барысында оқыту Бағдарламасына сәйкес келмейтіні және/немесе Қызмет сапасыз көрсетілгені анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші бұл жөнінде хабар берген күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде оларды Тапсырыс берушімен келіскен мерзімде сабақтарды қайта жүргізу арқылы жоюға;

3.1.8. Шарттың 8-бөліміне сәйкес көзделген барлық төтенше (ескерілмеген) жағдайлар басталғаны туралы уақытында Тапсырыс берушіге хабарлауға;

3.1.9. Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, оған Тапсырыс берушідегі жұмыс кезінде мәлім болған және қызмет бабында пайдалануға арналған барлық мәліметтерді құпия сақтауға және жария етпеуге;

3.1.10. Тапсырыс беруші белгілеген рұқсатнамалық және объект ішіндегі режим қағидаларын сақтауға;

3.1.11. Шарт бойынша міндеттемелерін толық та, ішінара да басқа біреуге бермеуге;

3.1.12. Оқыту курстары аяқталғаннан кейін тиісті материалдарды ресімдеп, қорытынды тестілеу жүргізуге **міндеттенеді**.

3.2. Жеткізуші Шарттың 3.4-тармағының 3.4.3-тармақшасына сәйкес Шарт бұзылған жағдайда, шартты бұзу күніне нақты көрсетілген Қызмет үшін ғана ақыны талап етуге **құқылы**.

3.3. Тапсырыс беруші:

3.3.1. Шарт бойынша Жеткізушінің өз міндеттемелерін тиісті орындауы үшін қажетті жағдайлар жасауға;

3.3.2. Осы Шарт талаптарына сәйкес көрсетілген Қызмет ақысын Жеткізушіге уақытылы және толық көлемде төлеуге;

3.3.3. Көрсетілген Қызметті Шарт талаптарына сәйкес Акт негізінде қабылдауға;

3.3.4. Үйренушілердің 1 (бір) тобын құруға және олардың сабаққа қатысуын қамтамасыз етуге;

3.3.5. Сабақтар жүргізу үшін үй-жаймен қамтамасыз етуге;

3.3.6. Тапсырыс берушінің ғимаратына кіру үшін Жеткізушіге уақытша берілетін рұқсатнама ұсынуға;

3.3.7. Шарттың 1-қосымшасына сәйкес сабақ жүргізу күніне дейін 1 (бір) күн бұрын _____ байланыс телефоны арқылы өндірістік қажеттілік бойынша сабақты басқа мерзімге ауыстыру туралы Жеткізушіге хабарлауға;

3.3.8. Көрсетілетін Қызметтерді бақылау үшін жауапты адамды тағайындауға **міндеттенеді**.

3.4. Тапсырыс беруші:

3.4.1. Қызмет көрсету барысында Қызмет көрсету кезеңі ішінде Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттерін толық, сапалы және уақтылы орындауын тексеруге және бақылау жасауға;

3.4.2. Қызмет көрсету барысында оқыту Бағдарламасына сәйкес келмейтіні және/немесе Қызметті сапасыз көрсету анықталған жағдайда, оларды Шартта көзделген мерзімде жоюды талап етуге әлде Қызметті толық немесе ішінара қабылдаудан бас тартуға құқылы. Мұндайда Тапсырыс беруші Қызметті қабылдаудан бас тартуы жөнінде дәлелденген хабарды Жеткізушіге жібереді де, ақы тек нақты көрсетілген Қызмет үшін төленеді.

3.4.3. Шартты біржақты тәртіппен кез келген кезеңде мынадай жағдайларда бұзуға **құқылы**:

- Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Шартты бұзу күніне дейін Жеткізушіні күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей жазбаша хабардар етіп;

- оны одан әрі орындау мақсатқа сай болмаған кезде, Жеткізушіге тиісті жазбаша хабарламаны жібере отырып. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетілуі тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттың бұзылуы күшіне енген күні айтылуы керек.

4. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕРЗІМДЕРІ МЕН ТАЛАПТАРЫ

4.1. Шарт бойынша Қызметті толық көлемде көрсетудің жалпы мерзімі Шарттың 1- қосымшасына сәйкес 2022 жылғы қаңтар айынан бастап 2022 жылғы қараша айы аралығында күнтізбелік 9 (тоғыз) ай құрайды.

5. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Жеткізуші есепті айдан кейінгі келесі айдың бірінші жұмыс күні Актіні Тапсырыс берушіге қол қою үшін жібереді.

5.2. Көрсетілген Қызмет бойынша Тапсырыс берушінің ескертулері мен келіспеушіліктері болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Актіні алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Актіге қол қояды.

5.3. Қызмет көрсету барысында оқыту Бағдарламасына сәйкес келмейтіні және/немесе Қызметті сапасыз көрсету анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші оларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етіп, Қызметті қабылдаудан бас тарту жөнінде дәлелденген хабарды Жеткізушіге жібереді, және ақы тек нақты көрсетілген Қызмет үшін төленеді.

6. КЕПІЛДІКТЕР

6.1. Жеткізуші Шарт бойынша тиісті сапада, Шартта көзделген мерзімде Қызметті көрсету жөнінде кепілдік етеді.

7. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

7.1. Тараптар өздерінің Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес жауап береді.

7.2. Жеткізуші Шартта көзделген Қызметті уақтылы көрсетпеген жағдайда, ол Тапсырыс берушіге әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін төленуге тиісті соманың 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде өсімпұл төлейді.

7.3. Жеткізуші орындалған Қызметтегі кемшіліктерді (Оқыту бағдарламасына сәйкес келмейтіні және/немесе Қызметті сапасыз көрсетуі) Шарттың 3.1.7-тармағының талаптарына сәйкес жоюды кешіктірген жағдайда, ол әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Тапсырыс берушіге ақаулы Қызмет құнының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде өсімпұл төлейді.

7.4. Тапсырыс беруші Шарт бойынша ақыны төлеуді кешіктірген жағдайда, ол Жеткізушіге әрбір кешіктірілген операциялық күн үшін төленуге тиісті соманың 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде өсімпұл төлейді.

7.5. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасымен Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 5% (бес пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

7.6. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші ақы төлеу кезінде өз бетінше Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) сомасын ұстап қалуға құқылы.

7.7. Тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлеу Тараптарды өздерінің Шарт бойынша міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

7.8. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілік атқарады.

8. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін, егер олар Тараптар алдын ала болжай алмаған және Шартты орындауға тікелей кедергі жасаған дүлей күштің тууы: су тасқыны, өрт, жер сілкінісі, табиғат апаты, қоршауда қалу, ереуіл, әскери іс-қимылдары, террорлық әрекеттер және өзге де осыған ұқсас жағдайлардың салдарынан болса, онда жауапкершіліктен босатылады. Дүлей күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдай орын алған уақытқа ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкін болмай қалған Тарап Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың басталғаны және тоқтағаны туралы екінші Тарапты дереу хабардар етеді, сондай-ақ тиісті уәкілетті мемлекеттік органның растайтын құжатын ұсынады. Мұндайда, жалпыға танымал фактілер дәлелдеуді қажет етпейді.

8.3. Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлар үш айдан аса созылса, Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұдан әрі орындаудан бас тартуға құқылы. Мұндайда Тапсырыс беруші іс жүзінде көрсеткен Жеткізушінің қызметіне ақы төлеуге міндетті, және осыдан кейін Тараптардың ешқайсысы басқа Тараптан қандай да бір шығындарды талап етуге құқылы емес.

9. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ

9.1. Тараптар жалпы Шарт талаптарын және ұсынушы Тарап конфиденциалды деп белгілеген барлық ақпаратты бір Тараптың жариялау заңдарда жазылған не соған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылған жағдайлардан басқа кезде басқа Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тұлғаларға жариялауға болмайтынын таниды.

10. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

10.1. Шарт бойынша міндеттемелерін орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер барысында шешуге бар күш-жігерін жұмсауға міндеттенеді.

10.2. Егер осындай келіссөздер басталғаннан кейін 21 (жиырма бір) күн ішінде Тапсырыс беруші мен Жеткізуші Шарт бойынша дауды шеше алмаса, тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

11. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

11.1. Осы Шарт оған қол қойылған кезден бастап күшіне енеді және Тараптар ол бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

12. БАСҚА ТАЛАПТАР

12.1. Деректемелер өзгерген жағдайда және оларды шартты іске асыру кезінде есепке алу қажет болғанда бір Тарап екінші Тарапты бұл туралы жазбаша түрде уақытылы хабардар етеді.

12.2. Шарттың 12.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес Шарттың барлық өзгерістері мен толықтырулары қосымша келісімдермен ресімделеді және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қояды.

12.3. Шарттың 1, 2, 3-қосымшалары оның ажырамас бөлігі болып табылады.

12.4. Шартқа сәйкес тараптардың бірі екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама кейіннен түпнұсқасы беріле отырып, хат, жеделхат, телекс немесе факс түрінде жіберіледі.

Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе күшіне ену көрсетілген күні (егер хабарламада көрсетілсе) күшіне енеді, ол бұл күндердің қайсысы кеш болғандығына байланысты.

12.5. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төленуге тиіс.

12.6. Шарт әрқайсысының заң күші бірдей 4 (төрт) данада жасалды, 2 (екеуі) мемлекеттік тілде және 2 (екеуі) орыс тілінде.

13. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРЛЕРІ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші

«Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі» республикалық мемлекеттік
мекемесі Павлодар филиалы
S03B4H4, Павлодар қаласы,
Академик Сәтбаев көшесі, 44-үй
ҚРҰБ РММ
ЖСК – KZ43125KZTS005100100
БСК – NBRKKZKX
БСН 971041002004

Жеткізуші

Тапсырыс берушінің атынан

«ҚРҰБ» РММ
Павлодар филиалының директоры

Жеткізуші

_____ Б. Мергенбаева

Мемлекеттік тілді оқыту курсының өткізу бойынша қызмет көрсету туралы
20__ жылғы «__» _____
№ __ ҰБ шартқа 1-қосымша

**МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ
ОҚЫТУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТ
КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ҚҰНЫНЫҢ ЕСЕБІ**

Р/с №	Қызмет көрсету кезеңі (2022 ж. ай)	Кезеңдегі академиялық сағаттар саны	1 академ. сағат үшін төлем құны (теңге)	Кезеңдегі төлем (теңге)
		I триместр		
1	Қаңтар	10	40	5000
2	Ақпан	16		5000
3	Наурыз	14		5000
		II триместр		
4	Сәуір	12	40	5000
5	Мамыр	14		5000
6	Маусым	14		5000
		III триместр		
7	Қыркүйек	14	40	5000
8	Қазан	14		5000
9	Қараша	12		5000
	Жиыны:		120	60000

Тапсырыс берушінің атынан

Жеткізуші

_____ Б. Мергенбаева

Мемлекеттік тілді оқыту курсының өткізу бойынша қызмет көрсету туралы
20__ жылғы «__» _____
№__ ҰБ шартқа 2-қосымша

**Көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізудің
№__ АКТІСІ**

Павлодар қаласы

20__ жылғы «__» _____

Біз, төменде қол қойғандар, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Павлодар филиалының директоры Баян Толегеновна Мергенбаева, бір жағынан, қазақ тілінің оқытушысы _____, екінші жағынан, төмендегілер туралы акті жасадық:

20__ жылғы «__» _____ №__ Шартқа (бұдан әрі – Шарт) сәйкес 20__ жылғы «__» _____ 20__ жылғы «__» _____ аралығындағы кезеңде мынадай қызметтер көрсетілді:

Р/с №	Көрсетілген қызметтердің атауы	Сағат саны	Қызмет үшін төлем

Ескертпе: 1 академиялық сағат үшін тариф - 5000 теңге.

_____ аралығында _____ (_____) топты оқытты.

(Жеткізуші)

Шартта көзделген қызмет көрсетілген мерзімде, сапалы және толық көлемде көрсетілді.

Тапсырыс берушінің атынан

«Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі» республикалық
мемлекеттік мекемесі
Павлодар филиалының директоры

Жеткізуші

_____ Мергенбаева Б.Т.
(қолы) М.О.

_____ (қолы)

Филиалдың бухгалтерлік есеп
бөлімінің бастығы – бас бухгалтері

_____ Матвеева Н.И.
(қолы)

Мемлекеттік тілді оқыту курсының өткізу бойынша қызмет көрсету туралы

20__ жылғы «__» _____

№ __ ҰБ шартқа 3-қосымша

Мемлекеттік тілді оқыту курстарының оқу сабақтарын есепке алу журналы

ҚР ҰБ РММ _____

_____ тіл курстары
Оқу деңгейі _____

№	Қызметкердің Т.А.Ә.	Сабақтарды өткізу күні					Күні, айы	Сабақтардың тақырыбы	Сағат саны	Оқытушының Т.А.Ә., қолы	Ескерту
		_____ жылы									
		_____ айы									
		күндері									
1											
2											

Барлығы: _____ сағат

Тапсырыс берушінің атынан

_____ Б. Мергенбаева

Жеткізуші
